



XFTAP 19.51.09

Қ.Ө. Сақ¹
З.Ж. Қойгелдиева²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: kaisak1964@yandex.kz1, zauuuuuu@mail.ru2)

«Ақ жол» газетінің саяси-идеялық ұстанымы

Аңдатпа. Халық тағдыры қыл үстінде тұрған шешуші сәттерде баспасөздің маңызы артып, көсемсөзі өткірлене түсетіні дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Мақала ХХ ғасыр басында дүниеге келген, ұлттық публицистикаға өзіндік қолтаңбасын жасаған «Ақ жол» газетінің саяси-идеялық ұстанымы туралы жазылған. Зерттеуде «Ақ жол» газетінің аталу себебіне талдау жасалынған. Сол кезеңдегі қоғамда қазақы рухты бойына сіңіріп, таптық қоғамнан ұлттық құндылықты жоғары қойған мерзімді басылымның маңызына зерттеу барысында аса мән берілген. Газеттегі жарияланған мақалаға байланысты, жанрға талданды. Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-ағартушылық бағытына, құнды мақалаларына жан-жақты зерттеу жасалынған.

Тұтас Түркі жұртының болашағына үлесін қосқан «Ақ жол» газетіндегі жарияланған Алаш көсемдерінің отарлық езгіден шығу жолы зерттеу мақаланың басты өзегі болған. Мақалада «Ақ жол» газетінің сол қиын кезеңдегі қазақ қоғамының ащы шындығын, төніп келе жатқан қауіпті жеткізе білген басылым екендігіне талдау жасалынған.

Түйін сөздер: Алаш, ұлттық публицистика, журналистика, қоғам, ақпарат, мүдде, саясат, ағартушылық, білім.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2020-133-4-8-14>

Түсті: 16.11.20 / Қайта түзетілді: 03.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 20.12.20

Кіріспе. Тәуелсіздік туы астында бір сәт ұлтымыздың ғасырлар қойнауындағы тарихын зерделер болсақ, қилы-қилы қасіретті кезеңдерді басынан кешіргенімізді ешкім жоққа шығара алмайды. Қалай десек те, тарихтың тулаған толқындарына қасқая қарсы тұрып, байлығы тұнған, байтақ жеріміз бен елдігімізді аман сақтап қалдық, тұтас ұлт ретінде әлемдік өркениет табалдырығын аттадық [1].

Қазақ оқығандарының дербес саяси күш ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы

1905 жылдан басталады. Қоғамдық дамуда алдыңғы елдермен салыстырғанда қазақ қоғамының кешеуілдеп қалуы, сондай-ақ, отарлық тәуелділікке түсуінің себеп-салдарын анықтау, төніп келе жатқан қауіп жағдайында бұл күйден шығудың жолын іздеу, қазақ оқығандарының алдында тұрған негізгі мәселеге айналды.

Осы және басқа сауалдарға жауап беру, заман сұранысына лайық шаруашылық құру, күні өткен өмір салтын қайта қарап, жаңа талаптарға бейімдеу екендігін олар жақсы

түсінді. Осы тұжырымға тоқтаған ұлт оқығандары қоғамдық қызметін ағартушылықтан бастады. Яғни, қазақ елі сан жағынан империя құрамындағы үлкен елдердің қатарында емес, сонымен бірге, аз және әлсіз елдердің де санатына жатпайтын.

Оның халық ретінде жүріп өткен жолы, ерлік тарихы, ең негізгісі, ғасырлар бойы қанды күрес арқылы қалыптасқан атамекен жері бар. Ендігі уақытта арасына білім ұрығын себу арқылы оны өз тағдырын шеше алатын белсенді субъектіге айналдыру басты міндетке айналуға тиіс. Олар нағыз білім, осы жолдағы мақсатты ағартушылық қызмет және тәрбие халықты өзгертетіндігіне сенімді болды.

Міне, сондықтан да ұлт оқығандары қазақ жерінде заман сұранысына жауап бере алатындай жаңа сапа, мазмұндағы білім жүйесін қалыптастыру ісін барлық бағдарламалық құжаттарына енгізді, бұл межені жақындата түсу үшін қазақ тілін білім және ғылым тіліне айналдыру, осы мақсатта оқулықтар мен оқу құралдарын даярлау, ұлтқа арнап кітап, газет-журналдар шығару ісін қолға алды. Қорыта айтқанда, ағартушылық ісі ұлт оқығандарының жұмылып атқаратын негізгі ортақ жобасына айналды [2].

Халық тағдыры қыл үстінде тұрған шешуші сәттерде баспасөздің маңызы артып, көсемсөзі өткірлене түсетіні дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Қазіргі күні де ірі саяси оқиғалар қақтығысының нәтижесі ақпарат қайшылығының қаншалықты сауатты жүргізілгеніне байланысты екенін көзбен көріп жүрміз. Қай елдің ақпарат тарату ауқымының мүмкіншілігі зор болса, сол мемлекеттің мерейі үстем.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамда алатын орны туралы Алаштың ардақты ұлдары Ахмет Байтұрсынов: «Газет-халықтың көзі, құлағы һәм тілі», Міржақып Дулатов: «Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті...», Мұхтар Әуезов: «Газет-журнал... елдің қисығын түзейтін, тезтерісін көрсететін айна...» дегені тегін емес. Бұл - журналистикаға берілген әділ баға [3].

XX ғасыр басында дүниеге келген, ұлттық публицистикаға өзіндік қолтаңбасын жасаған

өз заманының ділгір сұрақтарына жауап берген «Ақ жол» газеті туралы жазбақшымыз. Газеттің не үшін «Ақ жол» деп атағаны туралы тұңғыш редакторы С. Қожанұлы «Қазақ тілінде «ақ жол» деген сөздегі «ақ»-та «білгіштер» күстаналағандай жаман саяси мағынасы жоқ. «Ақ бата», «ақ көңіл», «ақ сөз», «ақ жол» һәм басқа осыларға ұқсаған сөздер һәм бұл сөздердегі «ақ» дегеннің мәнісі «тіл білгіш түріктердің» түсінуінен басқа екені анық білінді. Құр «біліп қана» қоймаған. Тура сөйлеп жүрген, туған тілінің мәнін арқылы біліп, жүрегі сезетін қазақ жұрты ол сөздерді естігенде, көз алдына бір түрлі шындық, тазалық, қулық-сұмдықсыз жақсылықтың ең болып жеткен идеалы келіп тұрады», - деп түсінік берген [4].

Міне, қазақ тіліндегі басылымдардың дүниеге келуі сол кездегі қоғамда болып жатқан өзгерістер нәтижесінде болды. Отарлық езгіде болған бодан елдің ұлттық санасының өзгеруіне, білімге, ғылымға бет бұруына жол ашты.

Мәселенің талқылануы. «Ақ жол» газеті 1920 жылдың 7-желтоқсанынан бастап 1926 жылға дейін Түркістан республикасының кіндік өкіметі атынан Ташкентте аптасына үш рет тұрақты шығып тұрды. Газет бетіндегі материалдар мазмұнына қарай төмендегі айдарларда жарияланған:

1. Басқармадан;
2. Сыртқы хабарлар;
3. Ішкі хабарлар;
4. Бұйрық-жарлықтар;
5. Әйел теңдігі;
6. Жастар арасында;
7. Ресми бөлім;
8. Елден;
9. Басмашылар тарихы.

«Ақ жолға» әр кезеңде С. Қожанов, Қ. Құлетов, С. Оспанов, И. Тоқтыбаев, Н. Төреқұлов, Т. Байқасқаұлы, М. Қайыпназар сынды Алаш азаматтары басшылық жасайды. Алғашқы редакторы Сұлтанбек Қожанов болды. Газеттің 271-305 сандарын Түркістандағы жазушылар ұйымы шығарады. «Ақ жолдың» орташа тиражы 1800 дана болды.

Басылым беттерінде Алаш қозғалысының қайраткерлері қазақ халқының мүддесіне

қатысты тақырыптарды қозғап, құнды мақалалар жариялады. Газеттің саяси-идеялық бағыты құрылтайшыларына ұнамады. Оның жұмысына көп кедергілер жасалды. Коммунистер “қызыл” деген сөзі бар атауды алмай, газеттің “Ақ жол” атануының өзінен күдікті мән іздеді. Осыған орай С. Қожанов “Ақ жол” біздің ақ батамыз, ақ жүрегіміз, ақ көңіліміз екенін қазақ-қырғыз жұрты ақылымен біліп, жүрегімен сезеді” деп жазды (1921, №115, 7 желтоқсан). 1925 жылы 29 мамырда И.В. Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне жолдаған “Қазақ баспасөзі туралы” хатында “Ақ жол” мен “ақгвардияшыл эмигрант” М. Шоқай арасында идеялық бірліктің байқалатындығын жазып, партияда жоқ интеллигенттерді коммунистік басылымға жолатпауды талап етті. Сталиннің хаты ескі интеллигенцияны қуғындауға жол ашып, 20-жылдардың алғашқы жартысында Қазақстанда жарық көрген ұлттық басылымдарға үлкен соққы болып тиді және жариялық пен демократиялық атаулыны әміршіл-әкімшіл жүйемен ауыстыруға негіз берді [5].

“Ақ жол” газеті халық алдындағы борышын адал орындаған, ұлттың рухын көтеретін басылымдардың бірі болды. «Ақ Жол» – Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының және мәдени-ағарту ісінің дамуына ықпал еткен газет [6].

«Я заведовал литературным отделом и редактировал целиком приложение к газете «Ак жол» - журнал «Сауле». О том, что газета «Ак жол» является националистической, я осознал позднее. В периоде же своей работы в этой газете, я считал что это либеральный орган, в котором можно писать более свободно. В условиях Туркестана, издание газеты с таким политическим направлением я считал возможным. До периода моей работы в «Ак жол», когда там сотрудничал Джумабаев, газета была еще более националистической, периоде же моей работы я газету считал более выдержанной» [7].

Міне, Жүсіпбек Аймауытовтың осы берген жауабында «Ақ жол» газетінің ұлттық бағыттағы газет екенін анық айтады. Сонымен қатар, ол жерде М. Жұмабаевтың қызмет атқарған

кезінде-ақ газеттің ұлттық болмысымызға бағыт беруші басылым екенін атап көрсеткен. Оянған ұлт оқығандары қоғамдық қызметін ағартушылықтан бастады. Халқының бостандығы мен теңдігі үшін аянбай қызмет жасаған, өз дәуірінде мәдени-рухани күресті таңдаған Алаш қайраткерлерінің еңбегі ерен.

Шыққан уақыты мен ұзақтығы жағынан «Шолпаннан» көш ілгері барған «Ақ жол» газеті 1920 жылдың 7 желтоқсанынан бастап 1926 жыл аралығында Түркістан республикасының кіндік басқарма комитеті хәм ортақшыл партия кіндік комитетінің атынан Ташкентте жеті сайын үш мәрте шығып тұрды. Ұлы мақсат жолында жүрген қазақ интеллигенциясының алдында ұлттық мүддені қорғау тұрды.

«Ақ жол» газеті мен эмиграциядағы М. Шоқайдың «Жас Түркістан» журналынан «ортақ байланыс» тапқан Сталин жорамалынан соң, РК/Б/П ҚЫРӨЛКЕКОМНЫҢ 1925 жылғы 10 маусымдағы Бюро мәжілісінің №69 хаттамасы бойынша «Ақ жол» газеті қайта ұйымдастырылып, редакциясы Ташкент қаласынан Шымкентке көшірілді. 1925-1926 жылдары «Ақ жол» газеті Сырдария атқару және партия комитетінің органы ретінде Шымкент қаласында басылып тұрды.

Ұлтын сүю - ұлтшылдық емес. Бірақ ұлт болашағын, ұлт мүддесін қорғап қаламыз дегендер ұлтшыл атанып, абақтыға қамалып жатты. Тіпті, нағыз коммунистер, осы «ұлтшылдар» болды. Алаш арыстарының бірі Міржақып Дулатов 1921 ж. «Ақ жол» газетінде «Мадияр» деген бүркеншік атпен жарық көрген «Қазақ зиялылары» мақаласында: «бізден қазір шын коммунист болдым деп отырғандар (өтірік коммунистерді айтпаймын) - кешегі ұлтшылдар. Мұнан кейін шын коммунист болуға жарайтындар тағы да сол бұрынғы ұлтшылдар. Үшінші - қазіргі жаңа талап жас буын. Адамның, алдымен, адам сипаты болуы шарт. Өзінен басқаның тілегін тілей алмаған, арын, иманын қара басының пайдасы үшін қысқа күнде қырық сағатын соғылғандардың қанынан тамып тұрған ұлтшыл артық», - деп жазады.

«Ақ жол» - кеңес үкіметінің езілген ұлт-

тарға теңдік пен бостандық беруге уәде еткен саяси мәлімдемесінен бұрын жаңа қоғамдық тәртіпте ұлт мүддесін қорғаған ұлттық элитаның саяси еркінің жемісі болатын.

«Газеттің төрт аяғы тең болу үшін басқа қызметтерде болса да, әралуан білім иесі азаматтар атсалысу керек. Мәселен, мұғалімдер, докторлар, фельдшерлер, агрономдар, инженерлер үшін де газетке үнемі болмаса да, анда-санда жазып тұрулары керек. Елге жайлы, жайсыз не жұмыстар болып жатыр, жәбір-қианаттары қандайлық. Бәрін газет жүзіне шығару керек. Біреуге жала жаппай нағыз шынды жазудан тайсалмау керек. Қысқасы, газет жұмысын ілгері бастыру үшін жарық ойлы зиялы азаматтарымызды жәрдемге шақырамыз. Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған буындарымызды тәрбиелеу – бәрімізге ортақ борыш» бұл газет авторларының оқырманға алғашқы санында жазылған арнау сөзі [8].

Газет авторларының әртүрлі мамандарды шақыруы, өз мамандығы туралы мақала жазып тұруы, сол кезеңнен салалық журналистиканың дамуына бір тамшы болса да қосқан үлесі деп білеміз. Салалық журналистиканы дамыту қазіргі кезеңде тұрған келелі мәселенің бірі. Қазіргі қоғам – ақпараттық ағындар заманы. Адам белгілі бір тақырыпта тұрақты, сауатты, объективті ақпарат алып отырса, дұрыс шешім қабылдай алады. Сондықтан өз саласын мықты меңгерген журналист қана нақты, шынайы ақпарат бере алатындығы бәрімізге мәлім.

Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскеден арман-мұраттарымен сипатталады. Қай халықтың болмасын табиғатына тән, өзгеде қайталанбайтын қасиеттері, мінезі, діні, тілі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Аталған рухты қазақ халқы - «Ақ жол» газетінен алды.

Шар-тараптан жиналыпсыз,

Жаңа талап жас ұлан

Ғылым тойын қолға алыпсыз,

Құттықтаймын, бас ұрам!, - Азамат есімді жігіттің жас өренге арнаған өлең жолдары.

Бұл жерден сол кездің өзінде-ақ жастарды, жас буынды тәрбиелеу барысында баспасөздің маңызы зор екенін атап отыр. Жаһандану

дәуірінің басты талабы, өркениетті мемлекет жасауға үлесін қосатын жастарды тәрбиелеу. Өлем елдерімен теңесетін, ұлттық тәрбиені бойына сусындатқан жас ұрпақты тәрбиелеу – кез келген азаматтың басты борышы.

Сол кезеңде жазылған басылымның артықшылығы – адамды тәрбиелеу, адамгершілікке баулу, өнегелі азаматты қалыптастыру, адамды білімді болуға шақыру, адамға қажетті ізгі қасиеттерді үлкен құндылық дәрежесіне көтеру. Бұл мәселелер – тұлғалық пен елдіктің тұтқасы ретінде қабылданды. Ұлттық қадір-қасиет – ұлттық сана-сезімнің өзегі. Ұлттық сана дегеніміз сол ұлтты құрайтын халықтың әр адамының жеке тұрмыс-тіршілігінің сыртында өз ұлтының мүддесін, халқының тағдырын ұрпағының болашағын ойлау қабілетінің ұлттық деңгейге көтеріліп, жалпы қоғамға тән ортақ сипатқа ие болған ұжымдық түрі, яғни ұжымдық сана.

Ұлттық сананың дамуы адамгершіліктің бірегейі, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық сана-сының жемісі, кісілік қасиеттер жиынтығы. Қазақ халқы өз ұрпағын адамгершілікке, ізгілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді ежелден-ақ өзінің басты мақсаты етіп қойған. Халық өз ұрпағына қайырымдылықты ес білгеннен үйретіп, тиісті талап қою, дағдыландыру арқылы оны тұрмыстық салтқа, адамгершілікке, дәстүрге енгізді [9].

«Ақ жол» газетінің 1921 жылғы 43 санында «Елдегі тілшілерімізге» деген арнауында «Бірі болмаса, бірі басылады. Газетке ел хабары өте керек, естеріңізден шығармаңыздар, анығына көздеріңіз жетпеген шала-жансар хабарларды һеш уақытта жазушы болмаңыздар. Шын сөзді айтудан «әкесі өлгенді естіртеді» деп тайынбаңыздар», - деп қазақ халқына тек шындық жазуды ескертеді. Шындықты жазу журналистік этикаға жатады.

Алаш қозғалысы ұлт-азаттық қозғалыс ретінде біртұтас, мақсатты саяси, әлеуметтік, мәдени үдеріс болды. Қазақ мемлекетін құру сәтсіздікке ұшырағанымен, Алаш қозғалысының азаттық идеялары, мәдени, ғылыми басқа да дәстүрлері кеңестік жылдардың өзінде қазақ қоғамында өмір сүріп жатты. Осы ұлттық тарихымыздағы ең ірі, ең ұзақ ұлт-азаттық

қозғалыс мұраттары тәуелсіздік жылдарында қайтадан жаңғырды.

«Ақ жол» газеті алаш ұлтының рухы мен мәртебесін қалыптастыру жолында аянбай еңбек етті. Ресейліктердің қалыптастырған «жабайы, мәдениетсіз» пікірін жоққа шығарып, газеттің бай мұрасынан бүгінгі тірлігімізбен үндес, әлі де қоғамдық маңызын жоймаған көптеген дүниелерді кездестіреміз.

Сонымен бірге, Алаш көсемдерінің өнегелі өмірлерін, шығармашылық шеберліктерін жан-жақты ашып көрсететін ғылыми еңбектер жазу, белгілі бір тақырыптағы құнды мұралары негізінде хрестоматиялық оқулықтар даярлау, олардың басылып шығып, оқырман сұранысының қанағаттандыру құнтау міндеті алдымызда тұр [10].

Қорытынды. Алаш көсемдерінің мерзімді баспасөз беттерінде, түрлі ғылыми ба-

сылымдарда жарияланған құнды мұраларында ұлттың бәсекеге қабілеттігін арттыру идеясы жинақталған. Соны ғылыми айналымға енгізу, зердеге тоқып, ұрпақ санасына сіңіру уақыт талабы деп білеміз.

Жаһандану кезеңінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани-мәдени тұрақты дамуының ұлттық моделін жасауда сөзсіз ескерілуге тиіс сөз өнерінің көркем әдебиетпен тығыз байланысты салмақты бір саласы қазақ көсемсөзінің «Алаш публицистикасы» атты нақты бір кезеңіне терең зерттеу жүргізу қоғамдық мән-мазмұнымен маңызды [11].

«Ақ жол» жаңалық хабаршысы, ақпарат таратушы ғана емес, сол кездегі қарапайым бұқараның рухани қажеттігін өтей алған ұлттық публицистиканың танымдық көкжиегін кеңейте білген басылым болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Садықов С. Журналистика – тағдырым. Публицистикалық мемуар-роман. - Алматы: ЖШС «Лантар Трейд», 2019. - 192 б.
2. Қойгелдиев М. Алаш қайраткерлерінің азаттық идеологиясын қалыптастыру қызметі. «Қазақ Кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, - Алматы: Қазақ Университеті, 2019. – 248 б.
3. Алаш көсемсөзі. 10 томдық. 5-кітап. – Алматы: Өнер, 2011. -315 б.
4. «Ақ жол» (газеті) Көптомдық. 1 том. // Құраст. Х. Есенқарақызы. -Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – 380 б.
5. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі: Тіл мәселесі. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. - 124 б.
6. Уикипедия [Электрон. ресурс] – URL: [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D2%9B_%D0%B6%D0%BE%D0%BB_\(%D0%B3%D0%B0%D0%B7%D0%B5%D1%82\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D2%9B_%D0%B6%D0%BE%D0%BB_(%D0%B3%D0%B0%D0%B7%D0%B5%D1%82)) (Қаралған күні 28.10.2020)
7. Красный террор: из истории политических репрессий в Казахстане. – Алматы: Алаш, 2013. – 384 с.
8. Ақ жол. Көптомдық. 1 кітап. - Алматы: Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы, 2011. – 355 б.
9. Салғараұлы Қ. Елдік негіздері. Астана: Фолиант, 2007, - 77 б.
10. Сыдықов Е. Шәкәрім және Алашорда. Алматы: Раритет, 2008. - 181 б.
11. Сақ Қ. Алаш мұрасы. - Алматы: Қазығұрт, 2014. – 288 б.

К.О. Сақ, З.Ж. Койгелдиева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Политико-идеологические аспекты газеты «Ақ жол»

Аннотация. В статье рассказывается о политической и идеологической позиции газеты «Ақ Жол», которая начала издаваться в начале XX века и имеет собственный авторитет в отечественной журналистике. Ценные статьи об интересах казахского народа опубликовали лидеры движения Алаш. Издание призывало людей к единству и знаниям. В исследовании анализируются причины названия газеты «Ақ

Жол». В обществе того периода казахи, проникшиеся национальным духом, придавали особое значение периодическому изданию, ставившему национальную ценность выше классового общества. Проанализированы жанры в связи опубликованными в газете статьями. Проведено всестороннее исследование общественно-просветительской направленности ценных статей деятелей Алаш.

Главным стержнем исследовательской статьи стал путь выхода из колониального гнета алашских вождей, внесших вклад в будущее тюркского народа и публиковавшихся в газете «Ак жол».

В статье представлены анализ газеты «Ак жол» как издания сумевшего донести горькую правду казахского общества в те непростые времена передать атмосферу нависшей опасности как в подобных условиях удалось сохранить народ.

Ключевые слова: Алаш, национальный, публицистика, журналистика, общество, информация, интерес, политика, образование.

K.O. Sak, Z.Zh. Koigeldieva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The political-ideological principles of the «Ak zhol» newspaper

Abstract. The truth, which does not require proof that at crucial moments, when the people's fate is on the line, the importance of the press increases, and self-expression becomes more acute. The article is written about the political and ideological position of the newspaper «AK Zhol», born in the early twentieth century, which created a kind of autograph on national journalism. The study analyzes the reasons for the name of the newspaper «Ak Zhol». At that time, in society, the importance was given to the value of a periodical that absorbed the spirit of the Kazakhs, which put the national value higher before the class society. Analyzed by genre in connection with an article published in a newspaper. A comprehensive study of social and educational orientation, valuable articles of Alash figures was conducted. The main core of the article was the study of the Alash leaders' coming out of colonial oppression, published in the newspaper «AK Zhol», which contributed to the future of the Turkic people.

The article analyzes the fact that the newspaper «Ak Zhol» is a publication that was able to convey the bitter truth of the Kazakh society in those difficult times, to save the country and to convey the impending danger.

Keywords: Alash, national, journalism, society, information, interest, politics, education.

References

1. Sadykov S. Jurnalistika – tagdyrym. [Journalism – destiny] Publicistikalyk memuarlyk roman [Publicist memoir-novel] (Almaty, Lantar Treid, 2019, 192 p.). [in Kazakh]
2. Koigeldiyev M. [The activity of formation of the ideology of liberation of Alash figures was taken «Kazakh Book: the contribution of Alash figures to the development of book publishing], Halykaralyk gylymi-tajiribelik konferenciya [The material of the international scientific-practical conference], (Almaty, Kazak universiteti, 2019, 248 p.). [in Kazakh]
3. Alash kosemsozi [Alash foreword] Vol. 10 (Almaty, Oner, 2011, 315 p.). [in Kazakh]
4. «Ak jol» (gazeti) [«Ak Zhol» (newspaper)] Koptomdyk [Multi-volume] Vol. 1. Page 18 // comp. Kh. Esenkarakyzy (Nur-Sultan, «Alashorda» kogamdyk kory, 2020, 380 p.). [in Kazakh]
5. Sak K. Alash kosemsozi [Alash foreword: Language issues] (Almaty, Kazak encyclopediasy, 2014, 124 p.). [in Kazakh]
6. Uikipedia [Wikipedia] Available at: [https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D2%9B_%D0%B6%D0%BE%D0%BB_\(%D0%B3%D0%B0%D0%B7%D0%B5%D1%82\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D2%9B_%D0%B6%D0%BE%D0%BB_(%D0%B3%D0%B0%D0%B7%D0%B5%D1%82)) [Electronic resource] (Accessed: 28.10.2020). [in Kazakh]
7. Krasni terror: iz istorii politicheskikh repreccii [Red terror: from the history of political repressions in Kazakhstan] (Almaty, Alash, 2013, 384 p.). [in Russian]
8. Ak Zhol [White Road] Koptomdyk [Multi-volume] (Almaty, Ontustik Kazakstan oblystyky sayasi kugyn-surgin kurbandary murajaiy, 2011, 355 p.). [in Kazakh]
9. Salgarauly K. Eldik negizderi [Country bases] (Astana, Foliant, 2007, 77 p.). [in Kazakh]

10. Sydykov E. Shakarim jane Alashorda [Shakarim and Alashorda] (Almaty, Raritet, 2008, 181 p.). [in Kazakh]
11. Sak K. Alash murasy [Heritage of Alash] (Almaty, Kazygurt, 2014, 288 p.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Сақ Қайрат – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Қойгелдиева Зәуреш – негізгі автор, Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Sak Kairat – Candidate of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Koigeldieva Zauresh – **main author**, Ph.D. student at faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.